

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1652. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 267 адам, оның ішінде Бас салық полициясы - 107 болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне төрағаның 5 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 11 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің

орталық аппараты үшін 10, оның ішінде Бас салық полициясы үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қазандағы N 1258

P961258_

қаулысының 2-5-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1652 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті

орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Салық полициясы бас басқармасы

Ұйымдастыру-әдістемелік бас басқарма

Аппарат жұмысын ұйымдастыру бас басқармасы

Заңды тұлғалардың кірістеріне салық салу басқармасы

Жеке тұлғалардың кірістеріне салық салу басқармасы

Жанама салықтарға әкімшілік ету басқармасы

Жер пайдаланушыларға салық салу және инвестициялық контрактілер басқармасы

Жергілікті салықтарға әкімшілік ету және салықтық емес төлемдер басқармасы

Салық органдарын құқықтық қамтамасыз ету және салық заңдарын насихаттау басқармасы

Кадр басқармасы